

**Егемен Қазақстан**

 **Egemen.kz**

## Сот жүйесінің ілгері қадамы

Биылғы наурыз айында Мемлекет басшысы сот жүйесі мен судьялар мәртебесіне өзгеріс енгізуді көздейтін Конституциялық заңға қол қойғаны мәлім. Сот төрелігіндегі реформалар Алматының заң қызметкерлеріне қалай әсер етті әрі мегаполис тұрғындары әділет саласының өкілдеріне қаншалықты сенім артады?

Бүгінгі күні Алматы қаласында 243 судья жұмыс істейді. Қырық төрт судьяның жұмыс өтілі 20 жылдан асса, 176 сот төрешісінің 5 жылдан 20 жылға дейінгі еңбек өтілі бар. Ал қалған 23 судьяның еңбекке араласқанына бірер жылдың жүзі болған. Мегаполис соттары осы жылдың 6 айында 76 860 әкімшілік және қылмыстық істерді қараған. Бұл сандар 2022 жылмен салыстырғанда сот төрелігіне жүгінгендердің саны едәуір артқанын көрсетеді.

Президент Жолдауда судьялар корпусын жаңарту, сот билігінің беделін арттыру, оған қоғам тарапынан сенім арту үшін сот жүйесін жаңғыртудың негізгі бағыттарын айқындады. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы Заңға және сот жүйесін реформалауға бағытталған бірқатар басқа заңға түзетулер енгізілді. Осылайша, судьялардың өздері сот төрағаларының лауазымдарына кандидатураларды сайлау тетігі, Жоғарғы Сот судьяларын сайлаудағы балама тәсілдер қолданысқа енді.

«Жоғарғы Сот судьяларын Сенат баламалы негізде, кем дегенде екі судьядан сайлай алады. Президент бастамасымен білікті заңгерлердің судьялар корпусын күшейтуі, судьялыққа кандидаттарды даярлау, қазіргі судьялардың біліктілігін арттыру, шекті жасты ұзарту, жұмыс істеп тұрған судьялардың өкілеттіктерін тоқтата тұру және тоқтату мәселелері қаралатын дербес мемлекеттік орган ретінде Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесін нығайту көзделген. Жоғары Сот Кеңесінің қарамағына сот төрелігі Академиясы берілді. Бұл – судьялардың қызметіне араласуды шектеп, оларға артылатын жауапкершілікті де күшейтеді. Сот төрешісінің әрбір шешімі заңға қайшы келмеуге тиіс. Мұның бәрі жіті бақыланады. Заңдылықты өрескел бұзудың әрбір фактісін тексере отырып, шаралар іске асырылып жатыр», дейді Алматы қалалық сотының судьясы Ирина Федотова.

Заңнамадағы өзгерістер әкімшілік Әділет саласының ауқымын кеңейтуге, мемлекеттік органдарға қатысты құқықтық даулардың ашықтығын қамтамасыз етуге әсер етпек. Судья Руслан Баишев сот жүйесінде жүргізіліп жатқан тың реформалар азаматтар сенімін нығайтып, сала мамандарының біліктілігін арттыруға серпін беретінін айтады.

«Апелляция институтын реформалауға ерекше назар аударылды, оның нәтижесі апелляциялық инстанцияның бірінші сатыға қайтарылмай, мәні бойынша шешім шығару міндеті болды. Бұл – судьялық қателіктердің санын азайтуға, сот актілерінің сапасын арттыруға, сот практикасының біркелкілігін қамтамасыз етуге, нәтижесінде, азаматтар

мен кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын тезірек қалпына келтіруге тиіс. Барлық өзгеріс пен толықтыру біз көріп отырған қажеттілік. Қоғам сот жүйесінен жаңа ақпараттық технологияларға сәйкес дамуды талап етеді. Сот жүйесі тек қағаз жүзінде ғана емес, сонымен бірге іс жүзінде де тәуелсіз болуы керек. Бұл – әділетті қоғам қалыптастырудың бастау бұлағы. Жұмыс барысына барлық инновация енгізіліп, әр іс жіті зерделенуін біздің судьялар қалтқысыз қадағалайтын болады», дейді ол. Өзгерістер арасында аудандық соттарды ауданаралық соттарға біріктіру мәселесі қарастырылған. Ендігі жерде аудандық сот төрағасының лауазымы жойылып, судьялық лауазымға ауыстырылатын болады. Ал судьяларға қатысты тәртіптік істерді қарау үшін Жоғары Сот Кеңесінің жанынан Сот төрелігі құрылмақ.

Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру – маңызды міндет. Мегаполисте осы бағытта бірқатар бастама қолға алынған. Мемлекеттік қолдау аясында азаматтардың кейбір санатына заңгер көмегі тегін көрсетіледі. Мәселен өткен жылы 14 500 алматылық білікті мамандардың мемлекет кепілдік берген ақысыз көмегіне жүгінген.

– Қандай да бір құқықтық кедергі туындай қалса, адвокат көмегіне жүгіну тәуір қаржыны талап етеді. Мемлекеттік қолдау аясында азаматтардың кейбір санатына заңгер көмегі тегін көрсетілетінін көпшілік біле бермеуі мүмкін. Азаматтар адвокаттар мен нотариустардың, сондай-ақ жеке сот орындаушылардың көмегін – алимент, зейнетақы мен жәрдемақы өндіріп алу, оңалту, босқын немесе кандас мәртебесін алу, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандар, жыныстық зорлық-зомбылық құрбандары, адам саудасына, еңбекпен байланысты денсаулығына келтірілген зиянның немесе қылмыстық құқық бұзушылықтың салдарынан келтірілген шығынды өтеу мәселелері бойынша тегін ала алады. Тиісті қолдау Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушыларға, сондай-ақ соғысқа қатысушыларға теңестірілген адамдарға, басқа мемлекеттер аумағындағы соғыс қимылдарына қатысушыларға, әскери қызметшілерге, бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, зейнет жасындағы азаматтарға, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес мәселелер бойынша көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған тұлғаларға да көрсетіледі, – дейді Алматы қалалық Әділет департаменті басшысының орынбасары Берікбол Сәменов.

Әр аймақта азаматтардың мұң-мұқтажына жауап беретін арнаулы орталықтар бар. Айталық, алматылықтар құқықтық кеңес алу үшін қалалық адвокаттар алқасына келуі қажет. Қазіргі уақытта қалада 15 заң консультациясы жұмыс істеп тұр. Олардың мекенжайларымен Алматы қаласы Әділет департаментінің ресми сайты арқылы немесе 119 және 1414 құқықтық-ақпараттық қызмет нөміріне қоңырау шалу арқылы білуге болады. Сонымен қатар аталған қызмет бүкіл ел аумағы бойынша телефон байланысы арқылы да жүзеге асады.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету жүйесіне қатысатын адвокаттардың тізімі жыл сайын мерзімді басылымдарда жарияланып отырады. Алматыда бұл іске 336 адвокат жұмылдырылған. Шаһарда

халыққа кепілдендірілген мемлекеттік заң көмегін көрсету үшін биыл 250 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. «Адвокаттар көрсеткен қызметі әкімшілік және азаматтық сипатта болса, жұмысының бір сағаты үшін 0,56 АЕК көлемінде, ауыр қылмыстық іске араласса, 0,76 АЕК дәрежесінде мемлекеттен ақы алады», дейді мамандар. Әділет өкілі атап өткендей, адвокат, нотариус, жеке сот орындаушылар қызметін жоғарыдағы санатқа кіретін әрбір азамат тұрғылықты жері мен орналасқан жеріне қарамастан ел аумағында пайдалануға құқылы.

**Арман  
ОКТАБРЬ**